

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған
Ермаханова Жанар Акбаровнаның
«Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан
тұрғындарына біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК)
оңтайландыру» атты диссертациялық жұмысының
АННОТАЦИЯСЫ**

Зерттеудің өзектілігі.

Халықтың қартаю мәселелері ғылыми қоғамның жіті назарында. Тұрғындардың әлемдік демографиялық құрылымында егде жастағы адамдар үлесінің тұрақты түрде өсуі қарттық пен қартаю, қоғамның дамуында егде жастағылардың орнының өзгеруі туралы жаңаша көзқарасты қалыптастырады. ДДҰ болжамдарына сүйенсек, жер шарының халқы алдағы 40 жылда, яғни 2050 жылға қарай 40%, 6,9-дан 9,7 млрд. дейін көбею алдында және бұл көрсеткіш бұрынғыдай туылу есебінен емес, адамдардың ұзақ жасауынан артатын болады. Көріп отырғанымыздай, жалпы әлем бойынша өмір сүрудің ұзаруы, бала туудың азаюы, егде адамдар үлесінің көбеюіне әкеліп отыр. Осыған байланысты еңбекке жарамды халыққа демографиялық ауыртпалық түсіп, егде адамдарды қоғамдық өндіріс ісіне қатыстыру өзекті мәселеге айналып отыр

«Елбасымыз – ұлт көшбасшысы Н.А. Назарбаевтың Қазақстанның халқына 2018 жылғы қыркүйек айындағы жолдауында негізгі маңызды бағыттарына медицина саласының, оның ішінде шалғайдағы ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету сапасын күшейту және алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру керектігін нақты айқындап берген болатын. Еліміздің демографиялық көрсеткіштерінің, яғни тұрғындардың саны(18млннан аса тұрғын) мен олардың өмір сүру ұзақтығының(72,5жасқа жетті) артуы, медициналық көмекке сұраныстың артуына ықпал етеді. Елбасы, алдына қойған әлемнің 50 бәсекеге қабілетті, ары қарай 30 дамыған елдер қатарына Қазақстанның енуі бойынша міндетті жүзеге асыру үшін бастапқы мақсат - халық денсаулығы болып саналатынын, ал денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық - алғашқы медициналық көмекті дамыту екенін нақтылап көрсетті.

Қазақстан Республикасында геронтологиялық (медициналық және әлеуметтік) қызметті одан әрі дамыту және гериатриялық (медициналық) көмекті жетілдіру егде адамдарға жәрдем беруді ұйымдастырудың жеке мәселесі болып табылады. Жоғарыда аталғандардың барлығы осы мәселенің өзектілігін анықтап, зерттеу үшін – алғышарт болып отыр. Ғылыми диссертациялық жұмыстың тақырыбы осы өзекті мәселені ғылыми-теориялық тұрғыда шешіп, тәжірибеге медициналық, әлеуметтік, экономикалық тұрғыда тиімді профилактикалық бағдарламаларды ғылыми тұрғыда негіздеуге арналған.

Зерттеу мақсаты: еліміздің денсаулық сақтау саласындағы экономикалық және құрылымдық өзгерістер жағдайында еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарға біріншілік медициналық-санитарлық көмек (БМСК) көрсету жүйесін жетілдіру бойынша ғылыми негізделген іс-шаралар кешенін әзірлеу.

Зерттеудің негізгі міндеттері:

1. 2007-2017 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысының еңбек ету жасынан асқан тұрғындарының жалпы әлеуметтік топтар арасындағы үлес салмағын, аурушандығын, мүгедектігін және өлім көрсеткіштерінің динамикасын зерттеу.

2. Еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың денсаулығына заманауи баға беру, әлеуметтік-гигиеналық сипаттамасы. Олардың өз денсаулығына көзқарасы және бағасы.

3. Еңбек ету жасынан жоғары тұрғындардың арасында тараған денсаулыққа қатерлі себептер мен өлім туғызатын аурулар нозологияларының таралуы. Оның құрамындағы жүрек-қан айналым жүйесі ауруларының алатын үлесі.

4. Егде және қарт жастағы тұрғындардың әлеуметтік маңызы үлкен жүрек-қан айналым жүйесі ауруларынан туындайтын өлімнің алдын алуға бағытталған инновациялық шаралардың әлеуметтік-медициналық, ұйымдастырушылық және экономикалық тиімділігін бағалау.

5. Егде жастағы тұрғындардың денсаулығын күшейтуге бағытталған біріншілік медициналық-санитарлық көмек жүйесіндегі емдік-профилактикалық шаралардың ұсыныстарын құрастыру.

Зерттеу әдістері: әлеуметтік-гигиеналық, медициналық-статистикалық, математикалық-статистикалық, социологиялық, сараптамалық. Ғылыми зерттеу жұмысы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің гранттық қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларының аясында «ОҚО еңбекке қабілетті жасынан асқан халыққа біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» атты жоба 23.06.2015 жылы №15/1164 нөмірімен тіркеліп, 01.04.2015ж. - 01.04.2017 ж. аралығында Оңтүстік Қазақстан облысының аудандары мен қалаларының жергілікті амбулаториялық-емханалық мекемелерінде жүргізілді.

Зерттеу материалдары: зерттеудің іріктеме жиынтығы ОҚО еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындарының біріншілік медициналық құжаттамадан – амбулаторлы карталар, арнайы дайындалған сауалнама көмегімен егде және қарт жастағы тұрғындарды сұрастырудан алынған көшірмелер мәліметтері бойынша зерттелді.

Ғылыми жаңалық.

Оңтүстік Қазақстан облысы мен аудандарындағы егде және қарт жастағы тұрғындардың демографиялық сипаттамасы жасалып, тұрғындардың құрамында алатын үлесі белгіленді.

Олардың орташа өмір сүру ұзақтығын тежейтін және өлім оқиғаларын арттыратын негізгі қатерлі әлеуметтік-гигиеналық, экономикалық және медициналық – биологиялық себептері анықталды.

Осы әлеуметтік топтың арасындағы өлім оқиғаларына себеп болатын жүрек-қан айналым жүйесі ауруларының қатерлілігі анықталып, жүрек қан тамыр жүйесі ауруларына көрсетілетін Республикалық медициналық көмекті жетілдіру бағдарламасының Оңтүстік Қазақстан облысында тиімділігін сипаттайтын жаңа мәліметтер алынды. Қоғамдық денсаулықты басқарудың тиімділігін бағалайтын математикалық модельдеу әдістері жетілдірілді.

Жүрек-қан айналым жүйесі ауруларын ерте даму кезеңінен анықтауға, сапалы емдеуге және реабилитациялауға арналған технологияларды ауылдық жерлерде енгізу деңгейі анықталды.

Еліміздің демографиялық құрылымы мен егде және қарт жастағы тұрғындар арасындағы байланыс талданды. Тұрғындардың денсаулық көрсеткішіне қарай өмір сүру ұзақтығын арттыратын ғылыми негізделген ұсыныстар өңделді.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Облысқа қарасты әкімшілік аудандардағы демографиялық жағдайдың өзгерістері, егде жастағы тұрғындардың үлес салмағының динамикалық тұрғыда тоқтаусыз ұлғаюы денсаулық көрсеткіштерінің деңгейі мен құрамында да түбегейлі өзгерістерге алып келуде. Аурушандық, мүгедектік және өлім көрсеткіштерінің құрамында жүрек пен қан айналу жүйесі аурулары, тірек қимыл аппаратының патологиялары, созылмалы әлеуметтік маңызы үлкен аурулар басымдыққа ие болып, жылдан жылға артуы байқалып отыр. Сондықтан, облыс тұрғындарының басым бөлігі әлеуметтік маңызы үлкен жүрек қан тамырлары жүйесі аурулармен сырқаттанып, олардың ауыр асқынуынан өлім-жітімге ұшырайтын болғандықтан, осы патологиялардың деңгейі мен даму бағыттарына қатаң бақылау орнатып, алдын алу шараларының белсенділігін арттырудың маңызы өте үлкен. Ғылыми негізделген тәжірибелік ұсыныстар амбулаторлық-емханалық ұйымдардың жұмысында егде және қарт жастағы тұрғындардың денсаулығын бағалауға, ерте анықтауды жетілдіруге және диспансерлік бақылаудың сапасын арттыруға ықпалын тигізеді және қарттардың аурушандық, мүгедектік, өлім көрсеткішін азайтып, тұрғындардың орташа өмір сүру ұзақтығын арттыруға ықпал етеді.

Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар:

1. Облыс тұрғындарының қартаюуына байланысты біріншілік медициналық санитарлық көмек жүйесінің(БМСК) қызметін түбегейлі

өзгеріске ұшыратып, дәрігерлік мамандардың штаттық құрылымына герантологиялық мамандар мен әлеуметтік маңызға ие патологияларды емдейтін бейінді дәрігер мамандармен толықтыру қажет.

2. Алғашқы медициналық санитарлық көмек жүйесіндегі дәрігер мамандарды тұрғындардың сұранысына сай қалыптастыру үшін демографиялық ақуалды жүйелі әлеуметтік гигиеналық мониторинг әдісімен бақылауға алып, оның құрамдық ерекшеліктерін сараптап отыру қажет.

3. Геронтологиялық және әлеуметтік маңызы үлкен жүрек қан тамырлары жүйесі аурулармен сырқаттанып, олардың ауыр асқынуынан өлім-жітімге ұшырау жиі болғандықтан, олардың деңгейі мен даму бағыттарына қатаң бақылау орнатып, диспансеризация мен әлеуметтік медициналық қызметтің белсенділігін арттыру керек.

4. БМСК жүйесіндегі дәрігерлердің герантология және жүрек қан тамырлары жүйесі ауруларының даму ерекшеліктері мен емдік профилактикалық шараларды ұйымдастыру жолдары туралы біліктілігін арттыруға басым көңіл бөлу қажет.

5. Аймақтық медициналық ақпараттық-сараптау орталықтарын басқаруларын модельдеу және олардың жұмысының нақты алгоритмін түзуде, күрделі жүйелерді талдау кезінде математикалық әдістерді қолдануға ұсыныс беріледі.

6. Зерттеу барысында алынған мәліметтер облыс деңгейінде және Республикамыздың басқа да аймақтарының кардиологиялық көмекті ұйымдастыру жұмыстарында қолдануға болады.

7. Қоғамдық денсаулық және Денсаулықты басқару жүйесінің өзекті мәселелерін зерттеуге бағытталған ұжымдық ғылыми жұмыстарында қоғамдық денсаулыққа әсер ететін әртүрлі қауіп қатерлерді бағалау әдістемесін жетілдіру ұсынылады.

Ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу: диссертациялық ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелері, ОҚО мен Шымкент қаласының емдік – профилактикалық мекемелерінің тәжірибесіне енгізілді. «Біріншілік медициналық-санитарлық көмектің (БМСК) дамуының нормативтік құқықтық негіздері» және «Егде және кәрі жастағы тұрғындардың жүрек-қан айналу жүйесі ауруларының біріншілік пен екіншілік профилактикасын жетілдіру және кардиологиялық қызметті қажетті қорлармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру» атты оқу құралдары жоғары медициналық оқу орындары мен дәрігерлік тәжірибеде қолдану үшін ұсынылды.

Диссертациялық жұмыс бойынша баспаға жарияланған басылымдар.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша 14 ғылыми еңбек жарық көрді:

- 2 мақала «National Journal of Physiology, Pharmacy and pharmacology» 2017.Vol.7. Iss.12.-P.8. 1377-1384, ISSN:2320-4672;

«Drug Invention Today» Vol.10 Special/ Issue 4, 2018 - P.5. 3470-3474,
ISSN: 0975-7619 Scopus мәліметтер базасына кіретін Халықаралық
журналдарда жарияланды.

- 6 мақала халықаралық ғылыми –тәжірбиелік конференция
материалдарында баяндалды.

- 1 мақала республикалық ғылыми – тәжірбиелік журналда
жарияланды.

- 3 мақала Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым
саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарық көрді.

- Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 2 оқу құралы
жазылды.